

ядролық қарусыздану ісіне айрықша үлес қосқан құрметті қонақ ретінде қатысып, әр уақытта да жиын күн тәртібін тың бастамаларымен байытып келе жатыр.

Ядролық қаруға қарсы іс-шаралар өткізу арқылы да Тәуелсіз Қазақстан өзінің сыртқы саяси бағытын әлемдік аренада анық көрсетіп, бейбіт, салауатты өмір сүру саясатын ұстанатынын танытты. Еліміздің ядролық қарудан азат болу мақсатында жасаған маңызды қадамы барша адамзаттың, оның ішінде халқымыздың арман-тілегімен үндестік тапты. Жарты ғасыр бойы ұдайы ядролық қару сынағынан көз ашпаған ұлтымыз ғасыр тажалынан аулақ болуды көксіп келген еді. Өз жерінде 456 ядролық және термоядролық заряд сыналған, оның зардабын жан-тәнімен тартқан халқымыздың тажал ошағынан құтылу тілегі қуанышқа орай іс жүзіне асып, берекеміз кірді, абыройымыз артты [6, 256 б].

Қорыта айтқанда, ядролық қару – бүкіл адамзатқа төнген қауіп. Соңғы деректерге қарағанда 9 мемлекетте 16 мың ядролық қару бар көрінеді. Бұл әлемнің ядролық қару құрсауында тұрғанын аңғартады. Қазақстанның осы қауіптің бетін қайтару жолындағы күресі еліміздің беделін өсіре бермек. Өйткені бейбітшілік, қауіпсіздік үшін жасалған әрбір қадам өрісімізді кеңейтеді, өркенді ел болуға жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Сабыров С. Қазақстан тарихы тарихи оқиғаларды ұлттық мүдде тұрғысынан бағалау.- Алматы, Арыс, -2004
- 2.Назарбаев Н.Ә Қазақстан жолы. Алматы, 2006.
- 3.Салғараұлы Қ. Елдік негіздері. Астана, -2007, 256.
- 4.Қазақстан республикасының Шығыс Азия елдерімен дипломатиялық қатынастары.- Дүйсебаев О.
- 5.Қозыбаев М. «Өркениет және ұлт» Алматы. Сөздік-словарь. 2001ж.
6. Мусин Ч. Қазақстан тарихы, Алматы-Норма-К баспасы.

XX Ғ. 90 ЖЖ. – XXI Ғ. ГЕРМАНИЯНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ

Жумагулова А.М.

Ғылыми жетекшісі: PhD доктор, қауымдастырылған профессор (доцент)

Кенжеғали Ж. М.

aruzhanka.zhumagulova@gmail.com

Қарағанды қ.

Германия әлемдік саяси және экономикалық аренадағы басты және маңызды ойыншылардың бірі болып табылады. Германия Федеративтік Республикасы - Солтүстік пен Оңтүстік, Батыс пен Шығыс арасындағы байланыс болып қана қоймай, Еуропалық Одақтың локомотиві және шет мемлекеттердің негізгі еуропалық серіктесі. Бұл ел саясат, экономика саласында әлемдік көшбасшылық үшін табысты күрес жүргізіп, халықаралық қатынастар жүйесінде дәрежесі біршама артып, беделі өсті. Қазіргі таңда Германия, барлық Еуропа мемлекеттері секілді сыртқы саяси және қауіпсіздік саясатында үлкен қауіп-қатерге ұшырады. Жаппай қырып-жою қаруының кеңінен таралуы, әлемдік терроризмнің кең таралуы бүкіл әлем халқы үшін үлкен қауіп төндіруде. Бүгінгі жаһандану процессінің қарқынды дамуы әлем үшін жаңа көкжиектер ашуда, алайда бұл процесс тек қана оң нәтиже беріп қоймайды, сондай-ақ оның сол әсері бар екенін ұғыну керекпіз. Германия өзінің күшті интеграциясымен әлемдік аренада жеңіске жеткенімен, ол террористер мен ұйымдық топтар үшін жаңа мүмкіндіктер ашатын жаһандық процестерден қатты зардап шегеді.

ГФР-ның қазіргі кезеңдегі сыртқы саяси бағыты 80-ші жылдардың ортасы мен 90-шы жылдардың басында болған әлемдік арена мен Германияның өзінде болған жаһандық өзгерістерге байланысты бірқатар факторлармен анықталады. Олардың ішіндегі ең

маңыздыларына «қырғи қабак соғыстың» аяқталуы, социалистік лагерь мен Кеңес Одағының ыдырауы, Батыс және Шығыс Германияның біртұтас мемлекетке бірігуі жатады. Қырғи қабак соғыс аяқталғаннан кейін Германия НАТО және ЕО-пен тығыз байланыстағы жеңгендер лагерінің қатарына қосылды [2,591 б.].

XX ғ. 90-шы жылдардың бірінші ширегінде халықаралық өмірде бірқатар өзгерістер орын алды, бұл өз кезегінде немістер үшін еуропалық және әлемдік саясатта мемлекеттің рөлі мен орнын ой елегінен өткізуіне әкелді: Парсы шығанағындағы соғыс, бұрынғы КСРО-дағы бүлік әрекеті және бұрынғы Югославия территориясындағы азамат соғысы [2,595 б.].

Сыртқы саяси бағыттарының бірі ретінде «Германияның ХХІ ғасырдағы жолы- серпіліс және жаңарту» коалициялық келісімінде нақтыланған болатын. «Жаңа үкімет Германияның бұрын жүргізіп отырған сыртқы саясатының негізгі қағидаттарын: көршілермен бейбіт және әріптестік ынтымақтастықты, трансатлантикалық әріптестікті нығайтуды, Еуропалық Одақты нығайтуды және кеңейтуді, ЕҚЫҰ шеңберіндегі жалпы-еуропалық ынтымақтастықты дамытатын болады. Орталық, Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Еуропадағы демократия мен тұрақтылық үшін жауапкершілік және Оңтүстіктің барлық елдерінде прогрессивті дамуды қолдау» [3, 78 б.]. Осы міндеттерге сүйенетін болсақ, соңғы онжылдықта ГФР әлемдік аренада алдыңғы қатарлы мемлекет болуға деген ұмтылысы күшейгені сезіледі.

Германияның сыртқы саясатының негізгі басымдықтарын қарастыратын болсақ, оларды бірнеше тармаққа бөлуге болады. Германияның сыртқы саясаты ең басты бөлігі- бейбітшілік саясаты. Үкімет өз бастамаларымен халықаралық қатынастардың қажетті өзгерістеріне жәрдемдеседі. Экономикалық, технологиялық, әлеуметтік немесе экологиялық сипаттағы жаңа асқынулар тұрғысынан болашақ үшін сыртқы қауіпсіздік саясаты жүзеге асырылатын болады. Үкімет дағдарыстардың алдын алу және жанжалдарды бейбіт жолмен шешу бойынша стратегиялар мен құралдарды дамытуға және қолдану бағытында күш-жігер жұмсауда. Ол өркениетті және тең құқықты негізде халықаралық қатынастарды одан әрі дамытуды, қару-жарақты шектеу және қарусыздану шараларын қолдайды [4, 11 б.].

Германияның сыртқы саясатында ЕО өте маңызды рөл атқарады. Еуропалық Одақ ұлттық мемлекеттер деңгейінде тиімді шешім табу мүмкіндігі бар ең маңызды құрылым болып табылады. Дәл осы себепті еуропалық интеграция Германияның сыртқы саясатының маңызды тірегі болып қала береді. ЕО-ға мүшелік Германияның еуропалық серіктестерімен қарым-қатынасын қалыптастырып қана қоймайды, сонымен қатар олардың үшінші елдермен қарым-қатынасының маңызды факторы болып табылады [5, 41 б.]. Бұл, ең алдымен, сыртқы сауда саласында орын алады, онда Еуропалық комиссия ауқымды құзыреттерге ие екенін есте сақтауымыз керек.

Германияның Еуропалық Одаққа ажырамас бөлігі ретінде қосылуы Германия саясатының негізгі бағыты болып табылады. Орталық және Шығыс Еуропа елдерімен қарым-қатынасты дамыту негізінде, Еуропадағы 8 мемлекет 2004 жылы ЕО-ға мүше болды. Осыған байланысты 1990 жылдардың ішінде Германия осы аймақтағы экономикалық және саяси ықпалын күшейтуге ерекше қызығушылық танытты [3,78 б.]. Германияның сыртқы саяси стратегиясындағы әскери фактордың орны мен рөлін анықтау мемлекеттің халықаралық саясатын қалыптастыру процесінде маңызды мәселелердің бірі болды [4, 9 б.]. Федералды үкімет Еуропалық Одақты халықаралық қатынастар саласында қабілетті ету үшін Амстердам келісімінде бекітілген бірлескен сыртқы және қауіпсіздік саясатының құралдары мен тетіктерін қолданады. Ол осы шарт негізінде Батыс Еуропа одағын одан әрі дамытуға тырысты. Бірлескен сыртқы саясат және оны одан әрі дамытудағы қауіпсіздік саясаты Еуропалық Одақтың жанжалдардың өркениетті алдын алу және оларды бейбіт жолмен реттеу тұрғысынан қабілеттілігін арттыру үшін нығайтылуы және қолданылуы қажет. ЕҚЫҰ- жалғыз еуропалық қауіпсіздік ұйымы. Осыған байланысты федералды үкімет қазіргі таңда ұйымның құқықтық базасын нығайту және ЕҚЫҰ аймағында қақтығыстарды міндетті түрде бейбіт жолмен шешуге қол жеткізу үшін бастамалар көтеруде [1, 141 б.].

Егер жалпы Германияның Еуропалық сыртқы саясаты туралы айтатын болсақ, онда неміс еуропалық саясаты интеграция процесін тереңдетуге, оны солтүстікке, оңтүстікке және

шығысқа қарай кеңейтуге, сондай-ақ оның институционалдық құрылысына сөзсіз қолдау білдірді. ЕО-ға қатысты неміс саясатының күшті бағыттарының бірі ол бір жағынан ЕО-ғы неміс-француз қатынастарының бағыты, ал екінші жағынан, әсіресе кішігірім мүше мемлекеттермен тығыз байланыста көрініс берді. Шешім қабылдаудағы көптеген блокадалар мен ЕО өміріндегі негізгі кезеңдер Германияның компромиске келуге дайындығы мен оның тиімді күш-жігерінің арқасында бірнеше рет сәтті өтті [4, 9 б.].

ЕО-дан басқа, Германия АҚШ, Ресей және Азиямен саяси қатынастарға ерекше назар аударады. Бүгінгі таңда Германияның Еуропадан тыс ең маңызды одақтас елі- АҚШ. Бұл екі елдің арасында көптеген келісімдер мен міндеттемелер бар, олардың бірқатары НАТО шеңбері аясында екенін ескеру қажет.

Германия мен АҚШ арасындағы екіжақты қарым-қатынас Ангела Меркель канцлер қызметіне кіріскен кезде ғана жақсарды. Меркель неміс - американдық байланыстарды нығайтып, бұрынғы канцлер Шредер кезінде болған Берлин мен Вашингтон арасындағы шиеленісті азайтқысы келді. Меркель мен Бушқа келетін болсақ, олар жемісті қарым-қатынас пен өзара сенім атмосферасын құра алды. Алайда, Меркельдің жаңа трансатлантикалық сыртқы саясаты Германия мен АҚШ арасындағы қарым-қатынасты қызыл-жасыл коалицияға дейінгі уақытқа қайтара алмады. Германия мен АҚШ арасында саясаттың, қауіпсіздіктің, экологияның және тіпті адам құқықтарының бірқатар аспектілері бойынша қайшылықтар сақталды. Мысалы, Вашингтонның әлемдегі абсолютті көшбасшылыққа ұмтылуы, 2008 ж. Грузия мен Украинаны НАТО-ға қосу ниеті екі ел арасындағы қайшылықтың өршуіне алып келді. Германия Альянсты саяси форум ретінде анықтаса, яғни онда мүше мемлекеттер қауіпсіздіктің өзекті мәселелерін талқылап және бірлескен шешімдер қабылдай алса, АҚШ өз кезегінде НАТО-ны өзінің жаһандық сыртқы саясатының құралы деп санайды. Осы себептен 2008 ж. немістердің тек 30% - ы АҚШ-қа оң көзқараспен қарады [6, 735].

Барак Обама АҚШ президенті болып сайланғаннан кейін американдық-германдық қатынастар екінші демге ие болды, сондықтан қарым-қатынастың қарқындылығы жоғары деңгейде сақталды. 2009 ж. немістердің 93% - ы Обаманың әлемдік істерге қатысты дұрыс әрекет ететініне сенімді болды (г.в. Буштың тек 14% - ы болған) [7]. Алайда Германия мен АҚШ арасындағы саяси қақтығыстар Обаманың тұсында басталды. 2011 ж. Германия БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің Ливия үстінен ұшуға болмайтын аймақ енгізу туралы қарарына дауыс беруден бас тартты. Меркель тіпті мұндай әрекеттермен Германия АҚШ, Ұлыбритания және Франциядан одан әрі алыстауы мүмкін деп ескертті [7]. 2013 ж. Германия АҚШ-тың Сирияға қарсы ықтимал агрессиясына қарсы шықты. 2013 және 2014 жылдары екі тыңшылық жанжал болды. АҚШ-тың құпия қызметтері Меркельдің ұялы телефонын тыңдаған болуы мүмкін екендігі анықталған кезде Германия канцлері өте қатты ашуланған болатын. Ол: «достар бір-біріне тыңшылық жасайды... бұл дұрыс емес», - деп айтқан болатын [8]. Сонымен қатар, Германия мен АҚШ Украин қақтығысын шешудің әртүрлі тәсілдерін ұсынған болатын. Берлин тек саяси келісімді қолдайтынын айтса, Вашингтон Киевке қару сату арқылы көмектесуін жокқа шығармады.

А. Меркельдің канцлерлігі кезеңінде Германияның Ресеймен қарым-қатынасқа қатысты сыртқы саясатының тұжырымдамалық тәсілдері туралы айтатын болсақ, қазіргі Германияның Еуро-Атлантикалық қауіпсіздік жүйесіне енуін ескеру қажет, бұл жалпы стратегиялық мәдениеттің болуын білдіреді. Осыған байланысты Германияның Шығыс саясаты деп аталатын елдің ұлттық мүдделерін көрсете отырып, Батыстың Ресейге қатысты жалпы саяси бағытын ұстанады.

Украинаға қарсы агрессивті соғысымен, сондай-ақ 2014 және 2022 жылдары Украина аймақтарын қосудан Ресей Халықаралық құқықтың негізгі принциптерін бұзды. Бұл Германия-Ресей қатынастарының барлық салаларына ауыр зардаптар әкелді. Қазіргі жағдайда бұрынғыдай алмасу мен ынтымақтастықты жалғастыру мүмкін емес.

Еуропалық Одақ Украинаға қарсы агрессивті соғысқа жаппай санкциялармен жауап берді. Оларға Ресей экономикасына, қаржы жүйесіне және озық технологияларға қол жеткізуге терең әсер ететін ауқымды қаржылық санкциялар мен қатаң экспорттық бақылау кіреді.

Ресейдің неміс Бундестагындағы кибершабуылдардағы рөлі, сондай-ақ оның гибриді әсер ету әрекеттері де проблемалы болып табылады. Жыл сайынғы үкіметаралық консультациялар 2014 ж. Қырымды заңсыз аннексиялағаннан кейін тоқтатылды.

Ресейдің Украинаға қарсы агрессивті соғысы басталғанға дейін Германия мен Ресей арасында мәдениет пен білім саласында қарқынды алмасу жүргізілді. Өзгермелі жағдайда Ресейдегі тәуелсіз азаматтық қоғаммен қарым-қатынас тығыз болып қалғанымен де, Ресейдің Украинаға қарсы агрессивті соғысына жауап ретінде Ресейдің мемлекеттік органдарымен ынтымақтастық тоқтатылды.

Германия мәдениет, ғылым білім, ақпарат алмасу сияқты салаларда басқа елдермен ынтымақтастықты дамыту бойынша өте белсенді саясатты жүзеге асыруды жалғастыруда. Германияның қазіргі мәдени саясатының маңызды мақсаты - әртүрлі халықтар арасындағы, ең алдымен христиандар мен мұсылмандар арасындағы диалогты жалғастыру болып табылады. Неміс тілін үйренуді тарату және қолдау маңызды міндет болып қала береді. Неміс тілін әлем халықтарына тарату негізінде Гете Институтының орны ерекше.

Қазіргі уақытта Гете Институты ГФР мәдениет институты болып табылады және бүкіл әлемде жұмыс істейді. Барлығы 94 елде 159 Гете-Институты бар. 2012-2013 жылдары Гете - институттарда 3 мың қызметкер жұмыс істеді, оның 2,3 мыңы Германиядан тыс жерде жұмысын жалғастыруда. Гете Институты Мәдени іс-шараларды өткізу және өткізуге жәрдемдесу, халықаралық мәдени алмасуға қатысу, Германияның мәдени өмірі туралы ақпарат тарату арқылы мәдениет саласындағы халықаралық ынтымақтастықты қолдайды. Ұйым елдегі мәдени, қоғамдық және саяси өмір туралы ақпарат беру арқылы Германияның жан-жақты көрінісімен бөліседі. Гете Институтының бағдарламасы мәдениетаралық диалогты қолдайды, азаматтық қоғамның құрылымын нығайтады және ұтқырлықты дамытады. Аталған міндеттер Гете-институттың негізгі міндеттері болып табылады, оны ГФР Сыртқы істер министрлігі ГФР мен Гете-Институт (Мюнхен) арасындағы негіздемелік Шартқа сәйкес орындауды тапсырды [9].

Гете Институтының жарғысына сәйкес бұл ұйым Германияның «жұмсақ күшін» құрайтын көптеген ұйымдар сияқты коммерциялық емес бірлестік болып табылады.

Ойымызды қорытындылайтын болсақ, қазіргі Германияның әлемдік аренада өзінің беделін арттырып, әлем елдері санасарлықтай мемлекет болғанын мойындау қажет, ол мәдениет, ғылым білім, ақпарат алмасу сияқты салаларда басқа елдермен ынтымақтастықты дамыту бойынша өте белсенді саясатты жүзеге асыруды жалғастыруда. Германияның сыртқы саясатында Еуропалық Одақпен интеграциялауға, сондай-ақ оның жана мүшелерін қолдауға, АҚШ-пен достық қарым-қатынасты жалғастыруға, дағдарыстардың алдын алуға және қақтығыстарды бейбіт жолдармен шешуге, сондай-ақ шығыс, оңтүстік және т.б. елдермен қарым-қатынас орнатуға бағытталған бірнеше векторлар бар деп айтуға болады.

Германия сыртқы саяси парадигманы тиісті түзетуге әкелетін жаһандық мәселелерді шешудің құндылық көзқарастары мен тәсілдерін қолдана отырып, жинақталған ауытқуларды шешуге ұмтылудан басқа, қозғалыстар Германия өзінің геоэкономикалық күшін әлемдік саясатта тиісті саяси салмаққа айналдыруға дайын екенін көрсетеді. Атап айтқанда, бұл Германия Еуропада ғана емес, көршілес аймақтарда да қауіпсіздік үшін көбірек жауапкершілікті алуға дайын екенін білдіреді. ГФР өзінің мүмкіндіктері мен маңыздылығына сәйкес келетін саяси бастамаларды көптен бері бастауы керек екенін түсінді. Германия «өзінің маңыздылығын төмендетпей», одақтастардың ресурстарын өз пайдасына пайдалана ала ма, жоқ па, мәселе ашық күйінде қалып отыр. Себебі, ол Ресейге қарсы американдық «санкциялар саясатына» қосыла отырып, өзінің экономикалық мүдделерін құрбан етуді жалғастыруда.

ГФР-дің сыртқы саясат парадигмасын түзету Германияның ескі кешендерді біртіндеп жеңіп шығуын және оның мүмкіндіктері мен мүдделеріне сәйкес келетін әсер ету деңгейіне жетуге деген шешімін көрсетеді. Түзету әлі толық аяқталған жоқ, өйткені қазіргі парадигма аясында шешілмейтін ауытқулар саны артып келеді. Олардың қатарына 2016 ж. 23 маусымында Ұлыбританияның Еуропалық одаққа мүшелігі туралы референдумнан кейін Еуропадағы ыдырау сезімдері қосылды. Еуропалық Одақтың әлемдегі ықпалын сақтауға

үлкен қауіп төндірді. Алайда, «Brexit» Германияға Еуропадағы, әсіресе қауіпсіздік саласындағы позицияларын нығайтуға мүмкіндік береді. ГФР бұл мүмкіндікті қаншалықты тиімді пайдаланатыны неміс - американдық қатынастарға, дәлірек айтсақ, Берлиннің Вашингтонға тәуелсіз саясат жүргізу қабілетіне байланысты болады, себебі Ұлыбритания Еуропалық одақтан шыққаннан кейін АҚШ Германияны дирижерге айналдыруға белсенді ұмтылатын болады

Германияның Таяу Шығыстағы дағдарыстық жағдайларды шешуге әскери және гуманитарлық қатысуын дәйекті түрде жандандыру оның сыртқы саясатының арсеналындағы «қатал күш» құралдарының рөлін күшейтудің сенімді тенденциясы туралы айтады. Милитаризация туралы айыптауларды болдырмау үшін Берлин бұрынғыдай көпжақты форматқа бәс тігеді және біржақты әрекеттерден аулақ болады. Сонымен бірге, сыртқы саясатты үлкен тәуелсіздікке қарай дәйекті түзету нәтижесінде Германияның одақтас міндеттемелерді емес, өзінің ұлттық мүдделерін бірінші орынға қоюына әкелуі керек деп тұжырымдауға болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Политические системы и внешняя политика Германии, Австрии, Швейцарии: Учебное пособие/ А.В. Шарапов. - Минск: БГУ, 2007. - 231 с.
2. Н.В. Павлов История внешней политики Германии. От Бисмарка до Меркель. – М.: Междунар. отношения, 2012. – 800 с.
3. Последствия расширения ЕС для германской внешней политики / В.В. Фрольцов // Беларусь і свет. Альманах / РІВШ; пад рэдакцыяй Л. Лойкі. - Мінск, 2004. - Том VII. - С. 77-79.
4. Усиление военного фактора во внешней политике ФРГ в 1990-е гг. / В.В. Фрольцов // Гуманітарна-эканамічны веснік. - 2001. - № 3. - С. 8-14.
5. German Foreign Policy: Parameters and Current Challenges, Eckart von Klaeden, 2009. 46 p.
6. Pavlov N.V. History of the German Foreign Policy - from Bismarck to Merkel. Moscow: International Relations. 2012. p. 797.
7. Wike R. In Germany, they still love Obama. Pew Research Center. 18.06.2013. URL: <http://www.pewresearch.org/fact-tank/2013/06/18/in-germany-they-still-love-obama/> (Retrieved August 30, 2017)
8. Hill J. Are Germany and the US still the best of friends? BBC. 29.06.2015. URL: <http://www.bbc.com/news/world-europe-33253459> (Retrieved August 30, 2017)
9. Goethe-Institut Kasachstan <https://www.goethe.de/ins/kz/ru/ueb/auf.html>

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФУТБОЛ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ РӨЛІ

Қалитов Н.А., Еркін Т.Н., Ерлан А.Е., Галымов Н.Г.
Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., оқытушы Зипатолла Ш.К.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Электрондық адресі: nuriikgga@gmail.com
Қарағанды қ.

Халықаралық футбол қауымдастығы федерациясы (әрі қарай – FIFA) қоғамда іргелі рөл атқарады, сондықтан дұрыс басқару принциптерін ұстану FIFA-ның кеңірек әлеуметтік миссиясының негізі болып табылады [1]. Қазіргі уақытта FIFA футболға ғана емес, халықаралық қатынастарға да үлкен әсер етеді. FIFA футболда үлкен рөл атқарады. Оның арқасында ең танымал және маңызды турнир өткізіледі, әлем чемпионаты онда әлемнің көптеген елдері біріктіріледі. Әлем чемпионаты төрт жылда бір рет және әр уақытта жаңа елде